**Оңтүстік Қазақстан облысы**
**Қазығұрт ауданы**
**Жаңабазар ауыл округі**
**«Балдырған» бөбекжай - балабақшасы**

# Әжемнің бауырсағы

*Ашық ұйымдастырылған оқу-қызметі*

**Тәрбиешілер:** *Жумагулова Ф*
*Кенжебекова Ш*

**2017 ж**

Білім беру саласы: «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық»
Оқу қызметі түрі: «Сөйлеуді дамыту», «Драма», «Қарапайым математикалық ұғымдарды таныстыру», «Мүсіндеу»
Тақырыбы: «Әжемнің бауырсағы»
Мақсаты: «Бауырсақ» ертегісі желісі бойынша балалардың тілдерін дамытып, сөздік қорын молайта отырып, ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы тарқырлығын тиянақтау. Тура және кері санауды, геометриялық пішіндерді танып, ажырата білуін, саусақ қол бұлшық еттерін жетілдіру.
Көрнекілігі: Ертегі кейіпкерлерінің суреттері.
Әдіс-тәсілі: Әңгімелеу, көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап.

| қызмет / кезеңі | Тәрбиешінің қызметі | Баланың қызметі |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық кезең | Шаттық шеңбер:<br>- Балалар, таңертең көзіміді ашып, терезеге қарасақ, алдымен біз нені көреміз?<br>- Олай болса, бүгінгі күнге, табиғатқа, келген қонақтарға алақанымызбен үрлеп, жылы шуағымызды сыйлайық.<br>Шеңбер болып тұрайық,<br>Алақанды ашайық.<br>Күннің нұрын салайық,<br>Жүрекке жылу жинайық.<br>Жинаған жылы шуақты,<br>Қонақтарға сыйлайық. | Күнді, күннің нұрын көреміз.<br><br>Балалар жеңберге тұрып жүрекке жинаған жылы шуақтарын сыйлайды. |
| Ұйымдастыру-шылық-ізденістік кезең | - Иә, балалар, біз әрбір таңымызға, келген жаңа күнге, қуануымыз керек.<br>- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Күз мезгілінде қанша ай бар?<br><br>-Күз мезгілінің ерешіліктерін атаңдаршы?<br>- Күз мезгілі туралы қандай тақпақтар білесіңдер? | - Күз мезгілі.<br>- Үш ай бар.<br>қыркүйек, қазан, қараша.<br>Балалардың жауаптары.<br>**Б. Каусар:**<br>Сары жібек көйлегін желбіретіп,<br>Жапырағын ағаштардың селбіретіп.<br>Тойға бөлеп елімізді күзім келді,<br>Нұр тамшысын аспанның мөлдіретіп. |

| | | |
|---|---|---|
| | | **А. Мирас:**<br>Ақтарды мырза күз,<br>Уылжыған жемісті.<br>Күзге бізде ризамыз,<br>Аянбаған ел үшін.<br>**С. Каусар:**<br>Алтын нұрдай тамшылап,<br>Жапырақтар төгілді.<br>Біздің өмір таң шуақ,<br>Біздің өмір көңілді.<br>**Дарын:**<br>Күздің қазан айында,<br>Алма, алмұрт піседі.<br>Жапырақтар сарғайып,<br>Сыбдыр – сыбдыр етеді.<br>**С. Аяла:**<br>Наступила осень,<br>Пожелтел наш сад.<br>Листья на берёзе<br>Золотом горят.<br>**П. Диас:**<br>Есть унас огород,<br>Где много овощей растёт,<br>Хоровод заведём,<br>Уражай нас соберём.<br>**Қарақат:**<br>Осень я люблю за то<br>Что пора носить пальто.<br>И сапожки одевать,<br>Чтобы по лужам погонять.<br>**А. Аяла**:<br>Жеті желмен алтын күз,<br>Жеміс жинау салтымыз.<br>Жиып- теріп болған соң,<br>Той жасайды халқымыз<br>Мол өнімді жинаймыз,<br>Елге бәрін сыйлаймыз. |

| | | |
|---|---|---|
| | /осы кезде әже келеді/<br>Әже: Амансыңдар ма, балалар? Мен атаға арнап ыстық бауырсақ пісіріп, суысын деп терезенің алдына қойған едім. Ол домалап орманға қашып кетіпті. Маған көмектесіңдерші.<br>Тәрбиеші: - Балалар, әжеге бауырсақты тауып беруге көмектесеміз бе? Олай болса орманға біз пойызбен шығайық. Қане, жайғасып отырайық. | -Ия, көмектесеміз.<br><br>Балалар пойызға мініп көңілді өлең айтып барады.<br>Кел балалар қанеки,<br>Парақтайық әліппи<br>Талай қызық күтуде,<br>Бәрімізді әлемде.<br>Жалықпа сен, жалықпа,<br>Оқы, тоқы, арманда.<br>Бәрін білген балаға,<br>Жақын болар алыста. |
| | Тәрбиеші: -Балалар орманның табиғаты қандай кермет. Бауырсақтың көргенін кімнен сұрасақ екен?<br>/қоян келеді/<br>Тәрбиеші: -Қоян,сәлеметсің бе? Сен әжейдің бауырсағын көрдің бе? | Қоян: -Сәлеметсіңдер ме, балалар! Ия мен көрдім. Егерде сендер менің тапсырмамды орындасаңдар қайда кеткенін айтамын. |
| | Тәрбиеші: -Ал, балалар ендеше қоянның тапсырмасын орындайық. Ол бізге 10-ға дейін тура және кері санауды және де санамақтар айтуды тапсырып отыр екен. | Балалар қоянның тапсырмасын орындайды.<br>1.2.3.4.5.6.7.8.9.10.<br>10.9.8.7.6.5.4.3.2.1.<br>Санамақтар:<br>**А. Аяла:**<br>Раз, два, три, четыре, пять!<br>Нам друзей не |

| | | |
|---|---|---|
| | | сосчитать!<br>А без друга в жизни туго!<br>Берегите же друг друга!<br><br>**Жансезім:** Раз, два-синева!<br>Три, четыре-солнце в мире!<br>Пять, шесть- речка есть!<br>Семь, восемь-майки сбросим!<br>Девять, десять-загораем целый месяц!<br><br>**Б. Каусар:**<br>Раз, два, три, четыре, пять!<br>Научилась я считать!<br>Протянул мне руку Колька:<br>«Сочитай-ка пальцев сколько!»<br>Что же тут не сосчитать:<br>«Раз, два, три, четыре, пять!»<br><br>**Қарақат:**<br>В этой маленькой корзинке<br>Есть рисунки и картинки.<br>Раз, два, три, четыре, пять,<br>Кому хочешь подари.!<br>**А. Аяна:**<br>Раз, два, три, четыре, пять!<br>Надо ложки сосчитать!<br>Раз, два, три, четыре, пять!<br>Надо вилки сосчитать!<br>Ложки, вилки, ложки, вилки...<br>В голове шуршат опилки! |

| | | |
|---|---|---|
| | Тәрбиеші: - Біз сенің тапсырмаңды орындадық, ендеше бауырсақтың қайда кеткенін айтшы. | Қоян: - Рахмет, балалар! Сендер менің тапсырмамды дұрыс орындадыңдар. Ал бауырсак мына жолмен кеттіп қалды, солай қарай жүріңдер. |
| | Тәрбиеші: - Рахмет, Қоян. Сау бол! | |
| | Тәрбиеші: -Аю,сәлеметсің бе? Сен әжейдің бауырсағын көрдің бе? | /корбаңдап аю келеді/<br>Аю: - Сәлеметсіндер ме, балалар? Сендер қандай жақсы, әдемі сіңдер. Ия мен көрдім. Егерде сендер менің қолымдағы мына ойынды ойнасаңдар бауырсақтың қайда кеткенін айтамын. |
| | Тәрбиеші: - Ендеше аюмен бірге ойын ойнайық. | |
| | Ойын: «Қимылмен көрсет»<br>Шарты: Суретке қарап, қимыл жасап көрсетіп беру қажет. | Балалар суреттерге қарап сол заттарды қимылмен көрсетіп береді. |
| | Тәрбиеші: - Біз сенімен ойын ойнадық, ендеше бауырсақтың қайда кеткенін айтшы. | Аю: - Рахмет. Бәрің жақсы ойнадыңдар. Әжейдің бауырсағын қайда кеткенін қасқыр біледі. |
| | Тәрбиеші: - Рахмет, Аю. Сау бол! | |
| | Тәрбиеші: -Балалар біз шарашадық кәне бәріміз бір серігіп алайықшы. | |
| | **Сергіту сәті:**<br>**Ән: «Жау жаңбыр»** | Балалар бәрі бірге әнді орындайы |
| | Тәрбиеші: -Қасқыр ,сәлеметсің бе? Сен әжейдің бауырсағын көрдің бе? | /ырылдап қасқыр келеді/<br>Қасқыр: - Ия, жаңа осы жерден домалап |

| | | |
|---|---|---|
| | Тәрбиеші: -Ендеше қайда кеткенін көрсетші. | кетті, әтең мен оны ұстай алмадым. Ұстай алғанымда жеп қояр едім. Әтең, қашып кетті.<br>- Егерде сендер менің тапсырмамды орындасаңдар қай жаққа кеткенін көрсетемін. |
| | Тапсырма:<br>Фребель таяқшаларымен жұмыс жасау. | Балалар таяқшалардан шырша, үйшік жасайды. |
| | Тәрбиеші: - Біз сенің тапсырмаңды орындадық қой, ендеше бауырсақтың қайда кеткенін айтшы. | Қасқыр: -Рахмет бала лар, сендер менің тапсырмамды жақсы орындадың дар.Тура барып солға бұрылсаңдар бауырсақты сол жерден табасыңдар.<br>/бұраландап түлкі шығады / |
| | Тәрбиеші: Сәлеметсің бе түлкі? | Түлкі: - Сәлеметсіңдер ме, балалар! Бұл жерде не іздеп жүрсіңдер? |
| | Тәрбиеші: - Біз әжеміздің бауырсағын іздеп келдік, сен оны көрдің бе? | Түлкі: Ия, менің айтқанымды орындасаңдар бауырсақтың қайда екенін айтамын. |
| | Логикалық ойындар. | Балалар сұрақтарға жауап береді. |
| | Тәрбиеші: -Түлкі енді бізге бауырсақтың қайда екенін айтсайшы. | Түлкі: -Кешіріңдерші мені балалар мен оны жеп қойдым. Ол сондай дәмді екен. |
| | Әжей: -Ұятай. Енді мен атайға не айтамын, бауырсақты қайдан аламын. | Түлкі: -Кешіріңдерші |

| | | |
|---|---|---|
| | Тәрбиеші: - Әже, сіз қапаланбаңыз. Біздің балалар сізге бауырсақты жасап береді.<br><br>Орындалу тәсілін түсіндіреді. | мені балалар,әже мен енді олай жасамаймын..<br><br>Балалар балабақшаға пойызбен қайтады.<br>Балалар өз беттерінше жұмыс жасайды. |
| Рефлексиялық түзетушілік | Тәрбиеші: - Әже, міне біздің балалар сізге бауырсақты жасап берді, ендеше атайға апарып беруіңізге болады.<br>Әже: - Ой, рахмет, балалар. Бауырсақтарды аталарыңа апарып берейін. Сау болыңдар.<br>Тәрбиеші: Балалар, сендерге бүгінгі оқу-қызметіміз ұнады ма?<br>- Біз не істедік?<br>- Қайда бардық?<br>Мақтап, мадақтау | Жасаған жұмыстарын көрсетеді.<br><br>Сау болыңыз, Әже.<br><br>- Ия, ұнады.<br>Балалардың жауаптары. |

**Күтілетін нәтиже:**

Біледі: Ертегі мазмұнын біледі.

Игереді: Ертегідегі кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы тарқырлығын тиянақтауды игереді.

Меңгереді: Көмек беру, тапсырмаларды тиянақты орындау қабілеттерін қалыптастыру дағдыларын меңгереді.

Қазығұрт ауданы
Жаңабазар ауыл округі
«Б а л д ы р ғ а н»
бөбекжай-балабақшасы

# «Математика әлеміне саяхат»

**Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі**

«Қарлығаш» *мектепке дейінгі ересектер тобы*

Тәрбиешілер: *Жумагулова Ф.*
*Имадуллаева А*

2018 ж

Бекітемін.

**Білім беру саласы:** «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық»

**Оқу қызметі түрі:** «Сөйлеуді дамыту», «Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру», «Мүсіндеу», «Аппликация»

**Тақырыбы:** «Математика әлеміне саяхат»

**Мақсаты:** Тура және кері санауды, геометриялық пішіндерді танып, ажырата білуін, саусақ қол бұлшық еттерін жетілдіру. Есте сақтау қабілеттерін арттыру.

**Көрнекілігі:** Үлгі суреттер. Сандар, пішіндер, табиғи материалдар.

**Әдіс-тәсілі:** Әңгімелеу, көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап, слайд.

| қызмет / кезеңі | Тәрбиешінің қызметі | Баланың қызметі |
|---|---|---|
| Мотивациялық қозғаушылық кезең | **Жылулық шеңбер:**<br>- Сәлеметсіңдер ме, балалар? Мен сендерді көргеніме өте қуаныштымын. Мен сендерді жылулық шеңберіне шақырамын.<br>Дөңгеленіп тұрайық,<br>Достық үйін құрайық.<br>Бәрімізге бірге дос болып,<br>Біз көңілді болайық.<br>**Слайд «Күз мезгілі»** | Сәлеметсіз бе.<br><br>Балалар жеңберге тұрып жүрекке жинаған жылы шуақтарын сыйлайды.<br><br>Слайдты көреді. |
| Ұйымдастыру шылық ізденістік кезең | Біз бүгін математика әлеміне саяхатқа барамыз. Математика әлеміне немен баруға болады? **(слайд көліктер)**<br>Ия, дұрыс айтасыңдар. Ал біз бүгін мына шарлармен барамыз. Мен сендерге біреуден таратып берейін, бұл ерекше сыйқырлы шаралар.<br><br>-Қараңдаршы біз математика әлеміне келдік. Мұнда түрлі сандар, геометриялық | Ұшақпен, көлікпен, қайықпен баруға болады.<br><br>Шарларды алып шеңберге тұрады.<br><br>Достық білім шапағат,<br>Жүрсін бізге жол бастап.<br>Сыйқырлы шарды қосайық,<br>Саяхатқа барайық.<br><br>Жан-жағына қарап, тамашалайды |

| | | |
|---|---|---|
| | пішіндер бар екен.<br>Ханшайым:<br>-Сәлеметсіңдер ме? Балалар. Математика әлеміне хош келдіңдер, мен сендерді көргеніме өте қуаныштымын. Мен математика әлемінің ханшайымымын. Бұл әлемде санауды үйренеді. Қане бәріміз бірге санап көрейікші.<br>**Слайд «Санау әні»**<br>Жарайсыңдар балалар.<br>Мен сендерге мына қобдишаны сыйға беремін. Бұны алу үшін менің тапсырмалар ымды толық, дұрыс орындауларың керек. Ал тапсырмаларымды орындауға дайынсыңдарма? Бәрекелді. Мен сендерге сәттілік тілеймін.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Ретімен қой, тура кері сана»**<br>Балалар келесі тапсырмаға өту үшін біздің алдымызда кедергілер бар екен. Бұл кедер гілер де сандарды басып, геометриялық пішіндерден какпа құрастыруымыз керек. Сол кезде бізге екінші тапсырмаға жол ашылады.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Сандық өрнек құру»**<br>**Сергіту сәті.**<br>Орыс тілі мұғалімінің тапсырмасы. | Сәлеметсіз бе.<br>Ханшайымды мұқият тыңдайды.<br>Слайдты көреді бірге санайды.<br>Ия, дайынбыз.<br>Балалар 0-5 ке дейін сандарды ретімен қойып, тура және кері санайды.<br>Алдағы сандарды ретімен басып геометрия лық пішіндерден какпа құрайды.<br>Суреттермен сандық өрнек құрастырады.<br>**Мирас: Лимон.**<br>Жёлтый, солнечный лимон,<br>Он полезен с чаем,<br>А без чая кислый он-<br>Мы рпо это знаем.<br>**Асылай: Арбуз.**<br>Кругло пузо у арбуза,<br>Полосатые рейтузы,<br>Полосатый пиджачок,<br>А на маковке-крючок. |

| | | |
|---|---|---|
| | Дидактикалық ойын: «Жемістер мен көконістерді ажырату»<br><br>Шығармашылықпен топқа бөлініп жұмыс жасауды ұсынады.<br>Ендеше жұмысымызды аяқтайық.<br>Жарайсыңдар балалар. Сендер менің тапсырмамды дұрыс орындадыңдар.<br>Мына сыйлықты алыңдар.<br>Сау болыңдар.<br>Өзіміздің сыйқырлы шарларымызды алып бақшамызға қайтайық. | **А.Назгул: Тыква.**<br>Тыква болше всех на грядке,<br>Будет твой живот- в порядке,<br>Каша стыквы- хороша...<br>Кушай Миша- не спеша.<br><br>**Сауран: Клубника.**<br>Нас щекочет аромат<br>Ягоды клубники.<br>Согревают вешний сад.<br>Солнечные блики.<br><br>топка бөлініп жұмыс жасайды.<br><br>Сау болыңыз |
| Мотивациялық түзетушілік кезең | Сендер бүгін өте жақсы жұмыс жасадыңдар.<br>Біз қайда саяхатқа бардық?<br><br>Ол жерде кімнің тапсырмаларын орындадық?<br>Мақтап мадақтау. Сыйлықтарды тарату. | Математика әлеміне саяхатқа бардық.<br>Ханшайымның тапрсымаларын орындадық. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** 0-5-ке дейін сандарды тура кері санауды

**Түсінеді:** Сандық өрнектреді құру жолдарын

**Игереді:** Тапсырмаларды жылдам әрі нақты орындау жолдарын

26. 11. 18ж.

Қазығұрт аудандық
білім бөлімі
«Балдырған» бөбекжай - балалар бақшасы

# Кемпірқосақ

(Ашық ұйымдастырылған оқу-қызмет)

**«Қарлығаш» мектепке дейінгі ересектер тобы**

*Тәрбиешілер: Жумагулова Ф*
*Имадуллаева А*

**2019ж**

**Білім саласы:** Коммуникация, Шығармашылық, Әлеумет.
**Білім бөлімі:** Драма, Сөйлеуді дамыту, Қоршаған ортамен таныстыру, Сурет салу, Аппликация.
**Тақырыбы:** «Кепірқосақ»
**Мақсаты:** Көктем мезгіліндегі табиғи құбылыстар, өсімдіктер мен жануарлардағы маусым дық өзгерістері туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөздік қорын молайту, дыбыстарды анық айтуға, кейіпкерлердің іс-әрекетімен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре жасай білуге баулу.
**Қолданылатын көрнекі құралдар:** Гүлдердің, кемпірқосақтың суреттері, түрлі түсті бояулар, су, сүрткіш, тары, түрлі түсті конфеттер, түрлі түсті қағаздар.
**Әдіс-тәсілі:** Сахналау, қойылым,түсіндіру, көрсету, сурет бойынша әңгімелеу.

| қызмет кезеңі | Тәрбиешінің қызметі | Баланың қызметі |
|---|---|---|
| Мотивациялык козгаушылык Кезең | **Шаттық шеңбер:**<br>Қосыл, қосыл, шеңберге<br>Нағыз адал дос болып,<br>Қосыл, қосыл, шеңберге<br>Ең сенімді дос болып.<br>Қосыл, қосыл, шеңберге<br>Ең зиянды дос болып.<br>Қосыл, қосыл, шеңберге<br>Ең мейірбан дос болып.<br>Қосыл, қосыл, шеңберге<br>Нағыз сараң дос болып.<br>Қосыл, қосыл, шеңберге<br>Қайырымды дос болып. | Балалар шеңбер бойымен тұрып, өлең жолында жақсы қасиеттер аталғанда алға бір қадам жасап қуанышпен қол соғады. Достыққа жараспайтын сөздер айтқанда керісінше артқа бір адым жылжиды. |
| Үйымдастыру шылық ізденістік кезең | Слайд. «Көктем» | Балалар көктем мезгілі туралы слайдты тамашалайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | **Сахналау: «Кемпірқосақ» ертегісі.**<br><br>**Сергіту сәті:**<br>Қатты нөсер басылды,<br>Күн жарқырай ашылды.<br>Неше түрлі әдемі,<br>Кемпірқосақ жасалды.<br><br>**Ойын: «Сурет бойынша әңгімеле»** | **Назгүл:**<br>Жаңбыр жауып басылды,<br>Аспан айдай ашылды.<br>Көкте қызыл-жасылды<br>Кемпірқосақ асылды.<br>Мектебімнің тойдағы<br>Қақпасындай әдемі,<br>Мың құбылып жайнайды,<br>Қызықтырып әдейі.<br>Құлпырғаны қызық –ай,<br>Жеті түрлі бояумен.<br>Бір кесегін үзіп ап,<br>Үйіме әкеп қояр ма ем?!<br>Әттең бойым жетпейді,<br>Әттең қолым жетпейді.<br><br>Балалар ролге бөлініп ертегіні сомдайды.<br><br>Сөздерге сәкестендіріп қимыл-қозғалыс жасай отырып орындайды.<br><br>1. **Нұрғалым:**<br>Көктемнің алғашы айы-наурыз. Бұл айда күн жылынып, қар еріп, жылғалардан су ағады. Наурызда Аналар мен Әз наурыз мерекесі болады. Ең алғаш болып бәйшешек гүлі шығады.<br><br>2. **Қадірбек:**<br>Сәуір айында жер беті көгереді. Ағаштар бүршік атады, жаңбыр жиі жауады. Құстар жылы жақтан ұшып келеді. |

| | | |
|---|---|---|
| | Шығармашылық жұмыс: «Кемпірқосақ» | **3. Серік:**<br>Мамыр айында- дала жасылданады, құстар балапан басады. Адамдар -гүлзарларға гүл егеді, жер жыртады. Егін, бау-бақша салады, ағашт[ар]дың түптерін қопсыт[ады], құстарға ұя жасайды.<br>**4. Бақдаулет.**<br>Көктемде жануарларда өзгерістер болады. Суырлар, кірпі, жылан , аюлар қонжығымен бірге апаннан шығады. Бақалар, борсық, жәндіктер оянады. Қоян үстіндегі ақ тонын сұр түске өзгертеді.<br>Балалар кемпірқосақтың суретін салады, жапсырады. |
| Мотивациялық түзетушілік кезең | Көктем мезгілінің ерекшіліктерін атаңдар<br><br>Кемпірқосақ деген не? | Балалар көктем мезгілінің ерекшіліктерін атайды.<br>**Сауран:**<br>Кемпірқосақ –жаңбырдан кейін күн сәулесінен пайда болатын доға тәріздес түрлі-түсті, жарық жолақ. Ол жаңбыр тамшыларындағы жарықтың сыну есебінен түзіледі.<br>**Бақдаулет:**<br>Кемпірқосақтың пайда болуына себепші - былайша ақ болып көрінгенімен шындығында жеті түстен тұратын |

| | | |
|---|---|---|
| | Кемпірқосақ жаңбыр жауғаннан кейін көрінетін таңғажайып сұлу табиғат құбылысы екен<br>Мақтап, мадақтау. | жарық сәуле кәдімгі күн сәулесі.<br>**Мирас:**<br>Аспаннан күн сәулесі түскенде, ол аппақ жарық ретінде көрінеді. Ол жаңбыр тамшылары-на шағылысқанда ақ сәуле әр алуан түсті бірнеше сәулеге бөлінеді, аспанда кемпірқосақ пайда болады.<br>**Айбар:**<br>Кемпірқосақты қашан көруге болады? Кемпірқосақ көрініп тұру үшін, күн сіздің артыңыз да болуы керек. Күн тас төбеде тұрған кезде кемпірқосақ пайда болмайды. |

**Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** Көктем мезгілінің ерекшіліктерін

**Түсінеді:** Сюжет бойынша ертегіні сахналауды

**Игереді:** Кемпірқосақтың қалай пайда болатыны туралы түсініктерді

19.04.19ж.

# «Кемпірқосақ» ертегі.

**Автор:** Ерте-ерте, ертеде бір үлкен кең алқапта алуан түсті гүлдер тату-тәтті өмір сүріпті. Олар құлпыра жайнап, көздің жауын алады екен.

**Қызылгүл- Саида:** - Мен, Қызылгүл қандай әдемімін.

**Қызғылтсарыгүл- Іңкәр:** - Менің түсім қызғылтсары, қараңдаршы, менде әдемі гүлмін.

**Көгілдіргүл- Аяулым:** - Менің түсім көк аспандай көгілдір.

**Жасылгүл-Назым:** - Ал мен жасылгүлмін, менің түсім қандай әдемі.

**Сарыгүл- Назгүл:** - Менің түсім сап-сары тарыдай әдемі емеспін бе?

**Көкгүл-Ақару:** - Ал мен көк көлдің суындай мөп-мөлдірмін.

**Күлгінгүл-Сымбат:** - Менің түсім күлгін, менде әдемімін. Қыздар, жүріңдер! Бірге табиғатты тамашалайық!

**Автор:** - Нәзік те сұлу гүлдердің арасында дараланып жалғыз ғана ақ түсті гүл өмір сүреді. Ол өзімшіл де, өркөкірек болыпты.

**Ақгүл- Асылай:** - Гүлдердің ішіндегі ең әдемісі менмін. Мен қандай әдемімін, қараңдаршы мен ақша қардай аппақпын ең әдемі гүл менмін.

- Мынау Сарыгүл ме?
- Мынау Қызылгүл ме?
- Мынау Жасылгүл ме?
- Мынау Күлгінгүл ме?
- Қызғылтсарыгүл ме?
- Көгілдір ме?
- Көкгүл ме?

**Автор:** – деп бәрін жұлып тастайды.

**Қызылгүл-Саида:** - Мен солып барамын.

**Сарыгүл- Назгүл:** - Менде.

**Қызғылтсарыгүл-Іңкәр:** - Осы Ақгүл өзінен басқаны жақтырмайды.

**Жасылгүл- Назым:** – Бұл өзімшіл. Ақгүлдан басқа жаққа көшіп кетейікші.

**Күлгінгүл- Сымбат:** - Көшсек көшейік.

**Көкгүл- Ақару:** - Осы өркөкірек Ақгүлден алысырақ өмір сүрейік.

**Автор:** - Өзімшіл, өркөкірек Ақгүлдің бұл зорлығына төзе алмаған барша гүлдер келісіп, оған білдірмей, бір түнде көшіп кетіпті. Жалғыз өзі жұртта қалған Ақгүлдің өзінің қателігін түсінеді, бірақ бәрі кеш еді.

**Ақгүл- Асылай:** - Мейірімді Күн, мен жалғыз қалдым. Мен қателік жасадым. Құрбыларым мені кешірсінші? Қызылгүл, Сарыгүл, Жасылгүл қайта оралыңдаршы. Мейірімді Күн, гүлдер қайтып келсінші.

**Мейірімді Күн-Раяна:** - Ақгүл, қателігіңді кеш түсіндің, ол мүмкін емес, сен өзіңнің өзімшілдігіңнен достарыңнан айырылдың.

**Автор:** - Айлар, жылжып жылдар өтеді. Жалғызсыраған Ақгүл бұрынғы құрбыларын сағынады.

**Ақгүл-Асылай:** - Мейірімді Күн, мен жалғыз қалдым. Мен құрбыларымды сағындым. Мен оларды алыстан болса да көргім келеді. Мейірімді күн маған оларды бір рет болсада көрсетші.

**Мейірімді Күн-Раяна:** - Жарайды, өтініп қоймадың ғой. Мен саған гүлдерді алыстан тек көк жүзінен ғана көруге мүмкіндік беремін. Себебі гүлдердің түрлі түстерін қосып, мен Кемпірқосақ етіп қайта жаратым. Ол жаңбыр жауғаннан кейін пайда болады.

**Оңтүстік Қазақстан облысы**
**Қазығұрт ауданы**
**Жаңабазар ауыл округі**
**«Балдырған» бөбекжай - балабақшасы**

Ұйымдастырылған оқу-қызметті

# Біз оқи да, санай да аламыз

**Тәрбиешілер:** *Жумагулова Ф*
*Кенжебекова Ш*

**2018 ж**

Білім беру саласы: «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»

Оқу қызмет түрі: «Сөйлеуді дамыту», «Сауат ашу», «ҚМТҚ», «Аппликация», «Музыка»

Тақырыбы: «Ойнайық та, ойлайық!»

Мақсаты: Жыл бойы алған білімдерін пысықтау, есте сақтау қабілеттерін, локикалық ойларын дамыту.

Көрнекілігі: Сандар, әріптер, суреттер, слайд, үлестірмелі тапсырмалар.

Әдіс – тәсілі: Сұрақ- жауап, ойындар, көрсету, түсіндіру.

| Қызмет кезеңдері | Тәрбиешінің қызметі | Баланың қызметі |
|---|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | Шаттық шеңбері:<br>Армысың алтын күн,<br>Көгілдір көк аспан.<br>Бармысың құстарым,<br>Қанатты достарым.<br>Суларым таза ма?<br>Талдарым аман ба?<br>Бас ием тауларға,<br>Жамылған қарларға.<br>Жайқалған даланы,<br>Табиғат ананы,<br>Көруге сағынып.<br>Келгенбіз балаңыз. | Шеңбер құрып орындайды.<br><br>Балалар қонақтармен амандасады. |
| Ұйымдастырушылық-ізденістік | Көктем мезгілі туралы слайд.<br>(есік қағылады)<br>**Тәрбиеші:** Балалар бізге қонақ келген сияқты.<br>(Білім ханшайымы кіреді, қолында әдемі сандықшасы бар.)<br>**Білім ханшайымы:** Саламатсыздар ме балалар, мен білім елінен келген білім ханшайымымын, осы топта білімді, ақылды балалар бар дегенді естіп сендердің білімдеріңді тексеруге келдім. Мен сендерге білім елінен көптеген тапсырмалар алып келдім. Осы тапсырмаларды дұрыс орындасаңдар, менің сендерге беретін сыйлығым бар.<br>(Сандықшасын ашып тапсырманы тәрбиешіге береді)<br>**Тәрбиеші:** Білім ханшайымы келіңіз біздің балалардың білімін көріңіз. Балалар білім ханшайымының тапсырмаларын орындауға дайынсыңдар ма? | Слайдты көреді сұрақтарға жауап береді.<br><br>Балалар амандасады.<br>Білім ханшайымының әңгімесін тыңдайды |

| | |
|---|---|
| **1 –тапсырма:** 1- ден 10-ға дейін орыс тілінде санау. Пішіндер туралы тақпактар айту. | Ия, дайынбыз.<br>1-ден 10-ға дейін орыс тілінде санайды. Пішіндер туралы тақпактар айтады.<br>**Данира:**<br>И так, смотрите это круг,<br>Немало есть кругов вокруг.<br>Монета – круг, и блюдце- круг,<br>И солнце на картине круг.<br>**Қаракат:**<br>Прямоугольник с виду прост,<br>Его построить –не вопрос.<br>И он совсем- не виноват,<br>Что не сложился как квадрат<br>**Жанерке:**<br>Про треугольник что сказать?<br>Его не сложно описать,<br>Он как подобие крыла,<br>Три стороны и три угла. |
| **2- тапсырма**: Сурет бойынша бірінші дыбысты атау, дыбыстық талдау жасау. | **Ана, әже, ата, бала, нан** сөздерінің бірінші дыбыстарын атайды, дыбыстық талдау жасайды. Сөдерге байланысты өлең, тақпактар, мақалдар айтады. |
| **3- тапсырма:** Жаңылтпаш айту. «С» әріпті жазу. | Жаңылтпашты айтады.<br>Сылдыр- сылдыр сылдырлап,<br>Сылдырлайды сылдырмак.<br>Су үстінде сең келеді,<br>Сегіз серке тең келеді.<br>«С» әрпін манна жарнасына саусақтарымен жазады. |
| **Сергіту сәті: «Қарлығаш»** | Музыка әуенімен кимыл – қозғалыс жасай отырып орындайды. |
| **4- тапсырма:** Амалдарды орындау. | Амалдарды слайд арқылы орындайды. |
| **5- тапсырма:** «Шатасқан буындар» құрастыру. | Шатасқан буындарды құрастырады. |
| **6- тпасырма:** Сұрақтарға жауап беру.<br>Қазақстанның тұңғыш президенті кім?<br>Көкөністерді ата<br>Жемістерді ата<br>Қысқы киімдерді ата<br>Апта күндерін ата<br>Өлі табиғатқа не жатады? | Сұрақтарға жауап береді. |

| | | |
|---|---|---|
| | Тірі табиғатка не жатады?<br>Қандай жәніктерді білесің?<br>Үй құстарының дауыстарын сал<br>«Бауырсақ»ертегісінің кейіпкерлерінің саны канша оларды ретімен ата, бір кейіпкерді сомдап бер. | |
| | **7- тапсырма:** Әріптерді белгілеу, сөздер жазу. | Әріптерді белгілейді, сөздер жазады. |
| | **8-тапсырма:** Тіл және саусақ жаттығуды орындау. | Ағайынды аралармыз,<br>Еңбек үшін жаралғанбыз.<br>Ыз-ыз-ыз<br>Шырын іздеп күні бойы<br>Бау–бақшаны аралаймыз<br>Ыз-ыз-ыз<br>Қалмай ұшып соңынан,<br>Ара қуды Мирасты<br>Ыз-ыз-ыз<br>Шағып алып қолынан,<br>Досымызды жылатты.<br>У-у-у |
| | Балалар ара қалай дыбыстайды?<br>Жылап калганда калай дыбыстаймыз?<br>Бұлар дыбыстар екен. Дыбыстарды не істейміз? | Ыз-ыз-ыз<br>У-у-у<br>Естиміз, айтамыз. |
| Рефлексиялық-түзетушілік | **Білім ханшайымы:** Балалар жарайсыңдар сендерге көп рахмет, менің білім елінен келген тапсырмаларымды өте жақсы орындадыңдар, сендерге мына көңілді қуыршақтарды сыйлаймын.<br>**Тәрбиеші:** Білім ханшайымы сендерге сыйлық алып келіпті, бізде білім ханшайымына арнап сыйлық жасайық.<br>Оқу-қызметін қорытады. | Білім ханшайымының сыйлығына алғыстарын білдіреді.<br><br>Какос жарнасынан көктем бейнесін жасап береді. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Қойылған сұрақтарға дұрыс жауап беруді.

Игереді: Жыл бойы алған білімдерін пысықтауды.

Меңгереді: Шығармашылық жұмыс жасау дағдыларын.

18.04.18.